

6. Бекбергенов Н.А. Қазақстан Республикасындағы құқық қорғау жүйесі. - Астана: ИКФ Фолиант, 2000. - 216 б.

ОТБАСЫНДАҒЫ ТҰРМЫСТЫҚ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Асабаева Ақбота Ализатқызы

Қазақстан Республикасы ПМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының жалпы заң пәндері кафедрасының оқытушысы, заң ғылымдарының магистрі

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Біз заңнамамызды ізгілендіру ісіне көбірек мән беріп, азаматтардың негізгі құқықтарын назардан тыс қалдырдық. Жыныстық зорлық-зомбылық, әйелдерге қатысты қылмыстарға қолданылатын жазаны шұғыл түрде қатайту қажет» - деген болатын [1].

Қазіргі уақытта Қазақстанда, бүкіл әлем секілді, күш қолданудың кең таралған әрі әлеуметтік қауіпті түрі отбасы ішіндегі зорлық-зомбылық саналады. Мәліметтерге жүгінсек, барлық ауыр зорлық-зомбылықты құқық бұзушылықтардың төрттен бір бөлігіне жуығы отбасы ішінде жасалады екен. Оның өзіндік себебі де жоқ емес. Сыйластығы жоқ отбасы ішінде қалыптасатын үлкеннің кішіге, әлсіздің әлдіге тәуелділік жағдайы салдарынан өздерін қорғауға қабілетсіз балалар, жасы ұлғайып, кәрілік егделеген адамдар, мүгедектер, әйелдер отбасылық қарым-қатынастар аясында барлық өлтірілгендердің үштен бір бөлігін құрайды. Отбасы ішіндегі жанжалдар нәтижесінде қайтыс болғандар немесе денсаулығына ауырлығы түрлі дәрежедегі зиян келтірілген адамдар зорлық-зомбылықты қылмыстық құқық бұзушылықтардан жәбірленгендердің түрлі санаттарының арасында алдыңғы орын алады.

Осыған байланысты, соңғы жылдары отбасы ішіндегі зорлық-зомбылықты қылмыстық құқық бұзушылықтарға қарсы іс-әрекет алдын алу субъектілерінің қызметінде басым сипат алып отыр, оған куә ҚР «Тұрмыстық зорлық-зомбылық туралы» Заңының қабылдануы болып табылады.

Елдің түрлі аймақтарында жүргізілген зерттеулер, сондай-ақ отбасы ішіндегі зорлық-зомбылыққа қарсы іс-әрекет мәселелері бойынша ақпараттық-талдамалық материалдар жәбір көрушінің жағдайы, оның өмір сүру тәртібі, мінез-құлығындағы ерекшеліктер әлеуеті артық құқық бұзушымен өзара байланысының нысаны мен дәрежесі жиынтығында соңғыларының сана-сезімінде қылмыстық ниеттің туындауына ықпал етуі, оның қоғамға қарсы мақсатын ынталандыруы, қылмысты жасау тәсілі мен құралын айқындауы мүмкін екендігін көрсетіп отыр.

Сондықтан да аталған бағыт бойынша алдын алу қызметін уақытылы әрі пайдалы жүргізу үшін отбасы ішінде криминалдық зорлық-зомбылық жасайтын адамның жеке басын емес, сонымен қатар одан зардап шегетін адамның жеке басын да танып білу керек.

Отбасылық қарым-қатынастар саласында жасалатын зорлық-зомбылықты қылмыстық құқық бұзушылықтардың виктимологиялық аспектілерін зерделеу қылмыстық әрекеттердің сипаты мен бағыттылығы, қылмыстық құқық бұзушылықтардың механизмі туралы нақтырақ білім алуға, сондай-ақ оларды аталмыш қылмыстық құқық бұзушылықтың құрбандарына да профилактикалық ықпал ету жолымен алдын алу шараларының қалыптасқан жүйесін едәуір кеңейтіп, саралауға мүмкіндік береді.

Ер адамдардың биліктік қатынастары қағидасында ұйымдастырылған қоғамдарда әйелдерге қарсы зорлық-зомбылық заңды құбылыс ретінде түсіндіріледі. Қазір бұл кері бағыт та алған сыңайлы.

Отбасы ішіндегі зорлық-зомбылықты құқық бұзушылықтардан зардап шеккендердің арасында жасы ұлғайған адамдардың басым болуын 26-50 жас шектері халықтың

элеуметтік тұрғыдағы белсенді бөлігін қамтитындығымен түсіндіруге болады. Осы мәселелер бойынша зерттеулер жоғары элеуметтік белсенділік кезеңі эмоционалды-психологиялық құбылыстардың, аффектілік жағдайының жинақталу уақытымен және адамның ішкі және сол сияқты қоғаммен жанжалдасуы, өзі үшін қауіптенудің артуымен байланысты екенін көрсетті. Әрине, қарама-қайшылықтардың осы екі тобы бір бірінен ажыратылмайды және де кейбір адамдарда белсенділік пен ортаға әрекеттенуінің, онда өз орнын анықтау әрекетінің артуымен дара психологиялық және элеуметтік-психологиялық сипаттағы жанжалдар өршуі де мүмкін. Отбасылық қарым-қатынас саласында аталмыш жас кезеңінде қарым-қатынастардың жанжалдығы мен олардың өршуін туындататын махаббат сезімінің болмауы, мінездердің үйлеспеуі, ерлі-зайыптылық адалдығының бұзылуы, маскүнемдік, қаталдық және тағы басқалар айқын көрінеді [2; 203б.].

Жас бала мен қарт адам зорлық-зомбылықты сипаттағы криминалдық ахуалдарда әлсіздеу болатыны даусыз, себебі олар да, әдетте, әйелдер сияқты қылмыскерден дене күші жағынан әлсіздеу болады және де қылмыскерден немесе отбасысының басқа да мүшелерінен жас ерекшелігіне, материалдық және психологиялық тәуелділіктегі физиологиялық жағдайы мен элеуметтік жағдайына орай тәуелді болады [3; 56-62бб.].

Осылайша, отбасы ішіндегі криминалдық зорлық-зомбылықтан, әдетте, оның қорғансыз мүшелері – әйелдер, балалар, мүгедектер және қарт адамдар зардап шегеді.

Білімнің төмендігі (және онымен байланысты мәдениеттің де төмен деңгейі) виктимологиялық жағынан айқын байқалады. Біріншіден, білімі мен мәдениетінің деңгейі төмен адамдар анық байқалатын агрессивтілігімен ерекшеленеді, зорлық-зомбылықты сипаттағы қылмыстарды жиі жасайды, демек, олар зиян келтіруге алып келетін қайта реакцияны өздеріне аудартады. Екіншіден, білім мен мәдениеттің төмен деңгейі жағдайды толық бағалай алмауына және мінез-құлықтың ықтимал салдарына, адамның мүдделерін қорғауды жүзеге асыратын құзыретті органдарға қорғану үшін жүгінуге ниетінің болмауына алып келеді.

Одан басқа, өмір сүруге тұрақты қаражатынан айрылған адамдар (ол тек қана жұмыс істемейтін жәбірленушілерге емес, сонымен қатар мектеп, колледж, ЖОО оқушылары қатарындағы құрбандарға да қатысты), әдетте, өз билігін жүргізуге тырысатын, отбасысының тәуелді мүшелерінен басым болатын, кейде осы мақсатпен зорлық-зомбылықты іс-әрекеттерге баратын, кейіннен отбасысының «асыраушысы» рөлін теріс пайдалана бастайтын отбасысының басқа мүшелерінің материалдық және психологиялық тәуелділігіне түседі.

Сонымен бірге, қаралып отырған қылмыстардың ішінде өздеріне қарсы жасалған қылмыс кезінде жәбірленушілердің көпшілігі ешқайда жұмыс істемеген және оқымаған, ішімдікті пайдаланған немесе есірткі қолданған және адамгершілікке жат, қоғамға қарсы өмір салтын кешкен. Сөзсіз, аталмыш жағдайлар отбасы ішіндегі қарым-қатынастардың шиеленісуіне және адамдардың осы санаттағы құрбандылығының күрт көбеюіне мүмкіндік туғызады.

Белгілі болғандай, отбасы ішіндегі ауыр емес зорлық-зомбылықты қылмыстардан зардап шегетіндер жоғары элеуметтік мәртебеге ие жәбірленушілер.

Отбасы ішіндегі криминалдық зорлық-зомбылықтың құрбаны қабілетіне рухани-тұрмыстық азғындықпен, тұрақты қоғамға қарсы мінез-құлықпен сипатталатын адамдар ие болатынына еш күмән жоқ.

Бұл ретте отбасы ішінде жасалатын зорлық-зомбылықты қылмыстардың ауырлығының жоғарылауымен, тиісінше, қылмыстық іс-әрекеттерді жасау механизмінде жәбірленушілердің жағымсыз мінез-құлығының айқындалушы рөлі артады.

Сөзсіз, тұрақты қоғамға қарсы бағдарлық және соған орай жоғары құрбандылық қылмыс, әсіресе зорлық-зомбылықты сипаттағы қылмыс жасауға бейімділікті өздері көрсететін адамдарға тән.

Бұл ретте қаралып отырған топтың жәбірленушілері арасында олар зорлық-зомбылықты қылмыстар жасағаны үшін сотталған жағдайлар кездеседі. Кейбір сотталған

жәбірленушілердің өздері баяғыда өз отбасысының мүшелеріне қарсы криминалдық зорлық-зомбылық жасаған.

Одан бөлек, кейбір жәбірленушілер өздеріне қарсы отбасы ішіндегі зорлық-зомбылық жасау кезінде құқық бұзушы немесе қылмысты ретінде ПО профилактикалық есепте тұрған [4; 36б.].

Жәбірленушілердің қаралып отырған санатының маңызды имандылық сипаттамасы олардың алкогольді немесе есірткіні қолдануына қатысы болып табылады. Маскүнемдіктің рөлі тек қана адамның криминалдануы емес, сонымен қатар оның құрбандылығы тұрғысынан да айрықша жоғары.

Сонымен қатар, мынадай заңдылық та айқындалды: жасалатын зорлық-зомбылықты қылмыстық құқық бұзушылықтардың ауырлығы жоғарылаған кезде спирттік ішімдіктерді ішетін құрбандардың үлесі де едәуір артады, яғни аталған қылмыстық құқық бұзушылықтарды жасау механизмінде жәбірленушілер масандығының айқындаушы рөлі өседі.

Зерттеу барысында жәбірленушілердің қаралып отырған санатының спирттік ішімдіктерді пайдалануының кеңінен таралған себептері анықталды: жеке басының келешегінен үміт үзуі, жеке өмірінің, отбасылық өмірінің дағдарысы, отбасы ішіндегі өз рөлін толыққанды атқару қабілетінің қанағаттандырылмауы; отбасылық қарым-қатынастардың нашарлауы, отбасы ішіндегі жанжалдар; ажырасу; жұбайының адамгершілікке жат, дырду өмір салтын кешуі; жұбайының спирттік ішімдікті пайдалануы; жұмыс таба алмауы, еңбекке қамтылмауы; отбасысының төмен материалдық жағдайымен қанағаттанбауы; отбасысының тұрғын үй жағдайларымен қанағаттанбауы және басқалары анықталып отыр.

Алкогольдің виктимогендік ықпалы айқын және ең алдымен, психикаға, ақылға, эмоцияға, ерік-жігерге, адамдардың мінез-құлқының себебіне тікелей және қатты әсерімен байланысты [5; 57б.]. Маскүнем сыртқы ортаны, адамдарды, олардың қылықтарын барабар қабылдауға қабілеттігін жоғалтады, өзін-өзі бақыламайды, шыдамсыз, дөрекі болады. Оның мінез-құлқында мас емес күйінде басылатын, оң көзқарастармен, қарым-қатынас пен әдеттермен тыйылатын дарашылдық ниеттері, арсыз құштарлықтар мен ырықсыз сезімдер, адамгершілікке жат және құқыққа қайшы бейімділіктер қалыптасады.

Сонымен бірге отбасы ішіндегі зорлық-зомбылықты қылмыстық құқық бұзушылықтардың көпшілігі бірлі-жарым және оқыстан емес, жәбірленушілердің алкогольді жүйелі және шамадан тыс қолдануымен байланысты. Жүйелі түрдегі маскүнемдік адамның имандылық жағынан жағымсыз қалыптасуына себеп болады, оның әлеуметтену үрдісін елеулі өзгертеді, микроортаның түрлі типтеріндегі пайдалы әлеуметті байланыстарды әлсіретеді немесе үзеді, сондай-ақ криминогенді сипаттағы нақты өмірлік жағдайлардың жасалуына ықпал етеді.

Адамның теріс қасиеттері жағымсыз көзқарастар мен әдеттердің дамуына әкеледі, ол өз кезегінде адамның жүріс-тұрысының жағымсыз үлгілерін тереңдетеді, оның өзін-өзі сынауын төмендетеді және өзін-өзі бақылауды мұқалтады. Теріс қасиеттері бар адамдар психологиялық құрылымында осындай қасиеттері жоқ басқа адамдарға қарағанда, абайсызда, кейде, белгілі бір жағдайларда арнайы, барлық кезде де қоршаған адамдардың мінсіз реакциясына қабілетсіз айқын арандатушы іс-әрекеттерге жол беруі мүмкін.

Сондай-ақ, жәбірленушінің осалдығы оның қылмыскерге қарсыласу қабілеттігіне де тікелей байланысты. Сөйтіп, айыпты үшін көрінеу әлсіз жай-күйде тұрған адамға қатысты отбасы ішіндегі зорлық-зомбылықты қылмыс жасалған жағдайлар аз емес. Кейде қарсыласуға қабілетсіздік отбасылық зорлық-зомбылық құрбанының денсаулығының жағдайымен, олардың дене бітімінің ерекшеліктерімен түсіндіріледі..

Туа біткен немесе кейіннен пайда болған дене ақаулары мен мертігулер, ауыр созылмалы аурулар белгілі бір психикалық жағынан жарақаттайтын әлеуетке ие, адамның әлеуметтену үрдісін қиындататын фактор рөлінде болады, ол да аталған аурулармен зардап шегетін отбасы мүшелері құрбандылығының артуына септігін тигізеді.

Кейде отбасы ішіндегі зорлық-зомбылықты қылмыстық құқық бұзушылықтар психикалық ауытқулары бар адамдарға қатысты жасалады. Бұл тек қана олардың шамадан тыс сенгіштігі және қабылдағыштығынан, болып жатқан жағдайларды барабар бағалай алмайтындығынан емес.

Психикалық аномалияның болу фактісінің өзі адамның тиісінше әлеуметтенуіне, оның имандылық жағынан тәрбиеленуіне, қажетті шыдамдылығына және қылықтар жайлы ойланғандығына елеулі кедергі келтіреді [6; 71б.].

Кейбір жағдайларда отбасы ішіндегі зорлық-зомбылықты қылмыстық құқық бұзушылықтан зардап шеккен адамда сол не басқа психикалық аномалия анықталады. Аталған қылмыстық құқық бұзушылықтардың барлық құрбандары арасында созылмалы алкогольдікпен, психопатиямен, шизофрениямен, есірткі құмарлықпен ауыратындар да бар.

Сонымен қатар отбасы мүшесінің құрбандалу тұрғысынан қауіптілігі оның агрессияшыл-арандатушы мінез-құлығы болып табылады, өйткені ол қарастырылып отырған қылмыстардың себептік кешенімен тығыз байланыста [7; 58-59бб.].

Отбасы ішіндегі зорлық-зомбылықты қылмыстық құқық бұзушылықтар құрбандарының үштен бір бөлігінен астамы тікелей өздеріне қарсы криминалдық зорлық-зомбылық жасалудан бұрын қылмыскерді немесе отбасысының басқа мүшесін агрессияшыл-арандатушы мінез-құлықпен сипатталған, қорлаған, намысына тиген, аталған адамдарға адам өлтірумен немесе дене жаракатын келтірумен қорқытқан, не отбасысының басқа да мүшесінің денсаулығына зиян келтірген.

Бұл ретте, аталған қылмыстық құқық бұзушылықтардың ауырлығын арттыру криминалдық әрекеттер жасау тетігінде жәбірленушілердің агрессияшыл-арандатушы мінез-құлығының детерминдеуші рөлін арттырумен тығыз байланысты. Осылайша, жәбірленушінің агрессияшыл мінез-құлығы адам өлтіру, денсаулыққа ауыр, ауырлығы орташа және жеңіл зиян келтіру, адам өлтірумен немесе денсаулыққа зиян келтірумен қорқыту жасау үшін себеп болды. Бұл орайда отбасы ішіндегі зорлық-зомбылықтың ауырлығын арттырумен құрбандардың агрессияшылдық-арандатушы мінез-құлығының қоғамдық қауіптілігі де едәуір ұлғаяды.

Жәбірленушілердің агрессияшылдық-арандатушы мінез-құлығы отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылықты қылмыстылықтың генезисінде елеулі рөл атқаратынын айтуға болады. Атап айтқанда, жүргізілген зерттеу, аталған қылмыстарды айқындаушы себептер мен талаптар арасында мынадай: жәбірленушінің агрессивті мінезі, оның мәселелерді зорлық-зомбылық күшімен шешуге талпынысы; қорлауда, намысына тиюде, қорқытуда, ұрып-соғу немесе дене жаракатын тигізуде байқалатын отбасы ішіндегі жәбірленушінің агрессияшылдық-арандатушы мінез-құлығы; жәбірленуші тарапынан тікелей қылмыс алдында зорлық-зомбылық, келемеждеу, қорлау; жәбірленушінің қылмыскермен немесе отбасысының басқа мүшесімен олардың балалық шағында қатал қатынаста болуын атап өтуге мүмкіндік берді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Қ-Ж.К.Тоқаев «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі». НҰР-СҰЛТАН, 2 қыркүйек – Sputnik.
2. Ильяшенко А.Н. Противодействие насильственной преступности в семье: уголовно-правовые и криминологические аспекты: монография. – М.: ПрофОбРазование, 2003. – 408с.
3. Нарикбаев М.С. Борьба с насильственными преступлениями // Вестник Верховного Суда Республики Казахстан. – 1995. - №3.
4. Франк Д.В. Об изучении «виктимности» на психологическом уровне // Вопросы судебной психологии. – М., 1972.
5. Мухамедьянов Н.Д. Виктимологическая профилактика насильственных преступлений: учебное пособие. – Алматы: Данекер, 2004. – 124 с.

6. Темирова Д.С. Проблемы уголовной ответственности лиц с психическим расстройством, не исключающим вменяемости. – А., 2006. – 104 с.

7. Полубинский В.И. Криминальная виктимология: монография. 2-е изд., доп. – М.: ВНИИ МВД России, 2008. – 210 с.

8. Анощенкова С.В. Уголовно-правовое учение о потерпевшем / отв.ред. Н.А. Лопашенко. – М.: Волтетм Клувер, 2006.

ПРИВЛЕЧЕНИЕ ЛИЦА В КАЧЕСТВЕ ПОДОЗРЕВАЕМОГО

*Баймаканова М.К., магистрант Карагандинского университета им. Е.А. Букетова
Жакупов Б.А. доцент кафедры уголовного процесса
Карагандинской академии МВД РК им. Б. Бейсенова*

Процесс привлечения лица в качестве подозреваемого включает в себя совокупность действий. К ним относятся признание лица подозреваемым, квалификация его деяния и объявление постановления о квалификации деяния.

Важным по значению действием является не только признание подозреваемым, но и процесс квалификации деяния, в ходе которого происходит формулировка подозрения. Формулировка подозрения при квалификации – это вывод следователя (дознателя) о совершении уголовного правонарушения конкретным лицом с содержанием указаний на признаки состава уголовно наказуемого деяния в действиях привлекаемого субъекта. Формулировка подозрения – это аналог формулировки обвинения в ранее действовавшем законодательстве. Она должна соответствовать объективной действительности, а в постановлении необходимо «привести доводы, мотивы, обоснованные выводы следователя» [1; 111-113].

Вопрос о личности при привлечении к уголовной ответственности – это прежде всего вопрос о предусмотренных законом признаках субъекта преступления, от которых зависит вывод о наличии состава преступления и его квалификации.

Должная полнота и логическая последовательность формулировки достигается, когда она фиксирует совокупность следующих обстоятельств:

- 1) объект и предмет преступления (охраняемые уголовным законом ценности, против которых направлено, к которым применено деяние);
- 2) объективная сторона преступления (место, время, способ преступного деяния, характер последствий, а в случае материального ущерба – размер в натуральном и денежном выражении);
- 3) субъективная сторона (форма и вид вины, мотивы. Там где нет виновности, не может быть и события преступления);
- 4) признаки субъекта преступления (личность подозреваемого);
- 5) обстоятельства, отягчающие и смягчающие ответственность.

Необходимым качеством формулировки подозрения является конкретность. Обстоятельства преступления должны быть изложены так, чтобы можно было не только дать им юридическую оценку, но и сопоставить их с доказательствами, имеющимися в деле. Иначе предъявление подозрения не обеспечивает права подозреваемого на защиту.

Степень конкретизации подозрения зависит от характера дела и не может быть одинакова во всех случаях. Так в деле о получении взятки нельзя обойтись без указания на служебное положение подозреваемого, тогда как по делу о хулиганстве в этом нет необходимости.

Степень конкретизации выдвинутого подозрения определяется одновременно:

- а) обязательностью установления обстоятельств, существенных для квалификации преступления, а также определения степени и характера ответственности виновного;
- б) пределами объективной возможности установить эти обстоятельства;